

**«8D11101 – Туризм» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Пазылхайыр Бауыржан Мейрамбекұлының «Жаңа дестинациялар мысалында Қазақстан Республикасы туризмінің экологиялық менеджментінің ғылыми негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

**РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында туризм саласын дамытудың мемлекеттік саясатындағы басым бағыттарға сәйкес келеді. Зерттеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №262 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүргізілген. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс АР09260144-ОТ-23 «Рекреациялық сыйымдылықты бағалау және антропогендік әсерді азайту негізінде Қазақстан Республикасының табиғи туристік-рекреациялық ресурстарын ұтымды пайдалану» және АР26103653 «Іле-Алатау саябағында овертуризмді алдын алу үшін ұшқышсыз ұшу аппараттары мен ГАЗ және жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып, рекреациялық сыйымдылықты модельдеу» ғылыми</p>

			жобалары аясында орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылым саласына елеулі үлес қосады және оның ғылыми маңыздылығы жоғары деңгейде ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Ғылыми мақалалар жазу деңгейі жоғары деңгейде бағаланады. Зерттеу нәтижелері бойынша Scopus деректер базасына кіретін журналдарда 2 ғылыми мақала жарияланған және халықаралық ғылыми конференцияларда 4 баяндама ұсынылған. Сонымен қатар диссертация мазмұнына сәйкес ЖБССҚЕК тізбесіне енгізілген журналдарда 6 ғылыми мақала жарияланған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу тақырыбының өзектілігі туризм саласын тұрақты даму қағидағарына сәйкес дамыту қажеттілігімен айқындалады. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында туризм саласындағы экологиялық менеджмент жүйесін жаңа туристік дестинациялар негізінде ғылыми тұрғыдан негіздеуге бағытталған. Қазіргі уақытта туристік қызметтің белсенді дамуы табиғи экожүйелерге түсетін антропогендік
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			<p>әсердің күшеюіне, табиғи ресурстардың тиімсіз пайдаланылуына және экологиялық тепе-теңдіктің бұзылу қаупінің артуына алып келуде. Осы жағдай туризмді басқару мен жоспарлау үдерістерінде экологиялық талаптарды ескерудің маңыздылығын арттырады. Осыған байланысты диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен модельдер Қазақстан Республикасының тұрақты даму басымдықтарына сәйкес келеді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері туризм саласында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және жаңа туристік дестинацияларды тиімді басқарудың ғылыми негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p>	<p>Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбының негізгі мәнін айқындайды. Жұмыс құрылымы мен мазмұны қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келіп, зерттеу тақырыбының мазмұнын толық қамтиды.</p>
	<p>1) <b>айқындайды;</b></p>	<p>2) ішінара айқындайды;</p>	
	<p>3) айқындамайды.</p>	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p>	
	<p>1) <b>сәйкес келеді;</b></p>	<p>2) ішінара сәйкес келеді;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнына сәйкес айқындалып, олардың орындалуы өзара байланысты әрі жүйелі түрде жүзеге асырылған.</p>
	<p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p>	
	<p>1) <b>толық байланысқан;</b></p>		

		2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	кіріспеден, үш бөлімнен (тараудан), қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертацияның мазмұны әрбір бөлімнің атауымен толық сәйкес келеді және зерттеу тақырыбының логикалық бірізділікпен ашылуын қамтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық зерттеуде автор ұсынған жаңа қағидаттар мен әдістемелік тәсілдерге жан-жақты сыни талдау жүргізілген. Олар отандық және шетелдік ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен салыстырмалы түрде қарастырылып, ғылыми негізділігі дәлелденген.
		1) <b>сыни талдау бар;</b>	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасындағы жаңа туристік дестинациялар негізінде туризмнің экологиялық менеджменті теориялық және әдіснамалық тұрғыда жүйеленіп, бұған дейін ғылыми әдебиеттерде жеткілікті деңгейде кешенді қарастырылмаған бірқатар ғылыми тұжырымдар мен қағидалар негізделген. Экологиялық менеджментті жергілікті, ұлттық және трансшекаралық деңгейлерде жүзеге асыруға бағытталған ғылыми
		1) <b>толығымен жаңа;</b>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			<p>модельдер ұсынылған. Алынған нәтижелер диссертациялық зерттеудің дербес ғылыми үлесін көрсетеді. Ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен модельдер туризм саласындағы экологиялық менеджмент жүйесін жетілдіруге және тұрақты туризмді дамытуға бағытталған ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің одан әрі дамуына негіз болады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде алынған нәтижелер ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді. Жүргізілген зерттеу туризмнің экологиялық менеджментін жаңа туристік дестинациялар жағдайында жүзеге асырудың ғылыми негіздерін кеңейтіп, бұрын ғылыми еңбектерде жеткілікті деңгейде қарастырылмаған басқару тәсілдерін ұсынуға мүмкіндік берген. Зерттеу барысында жасалған қорытындылар эмпирикалық деректерге, сапалық және сандық талдау нәтижелеріне сүйене отырып тұжырымдалған. Сонымен қатар олар Қазақстан Республикасындағы туризм саласының ерекшеліктері мен даму жағдайларын ескере отырып негізделген.</p>
		<p>1) толығымен жаңа;</p>	
		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	
		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде ұсынылған ғылыми нәтижелер жаңашылдығымен және теориялық негізділігімен ерекшеленеді. Зерттеу барысында туризмнің экологиялық менеджментін</p>
		<p>1) толығымен жаңа;</p>	
		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	жүзеге асыруға бағытталған көпдеңгейлі модель әзірленіп, ол жаңа туристік дестинациялар жағдайына бейімделген. Ұсынылған модель туризм саласында экологиялық тұрақтылықты сақтауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және туризмді басқару үдерісіндегі негізгі мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын үйлестіруге бағытталған. Сонымен қатар бұл модель мемлекеттік органдар, жергілікті қауымдастықтар және туризм индустриясының өкілдері арасындағы өзара байланыстарды күшейтуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері халықаралық тәжірибе мен ғылыми әдебиеттерге жасалған салыстырмалы талдау арқылы негізделіп, жүргізілген эмпирикалық зерттеулердің деректерімен дәлелденген. Сонымен қатар алынған нәтижелер туризм саласында экологиялық менеджментті дамытуға және жаңа туристік дестинацияларды тұрақты негізде қалыптастыруға ғылыми негіз бола алады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері ғылыми және практикалық тұрғыдан негізделген. Зерттеу барысында жүргізілген теориялық талдау, эмпирикалық деректерді жинау және өңдеу жұмыстары, сондай-ақ сапалық

			(qualitative research) және сандық зерттеу әдістері қолданылды. Атап айтқанда, сауалнама жүргізу, салыстырмалы және статистикалық талдау тәсілдері арқылы алынған нәтижелердің сенімділігі қамтамасыз етілген. Жүргізілген зерттеу әдістерінің кешенді қолданылуы диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдардың дәйектілігін арттырады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <b>ия;</b></p> <p>2) <b>жоқ;</b></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия;</b></p> <p>2) <b>жоқ;</b></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <b>тар;</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыста 4 негізгі ғылыми тұжырым қорғауға ұсынылған және олар бойынша келесі сұрақтарға жауап берілді.</p> <p>1. Туризмнің экологиялық менеджменті ұғымы ғылыми негізделе отырып, табиғи ортаны сақтау, рекреациялық сыйымдылықты тиімді реттеу, жергілікті қоғамның қатысуын қамтамасыз ету және мемлекеттік басқару тетіктерін үйлестіруді біріктіретін кешенді теориялық-әдіснамалық жүйе ретінде ұсынылды.</p> <p>2. Қазақстан Республикасында туризмнің экологиялық менеджмент жүйесінің қалыптасуына жасалған кешенді бағалау нәтижесінде оның тиімділігіне әсер ететін институционалдық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік факторлардың таралу заңдылықтары анықталды.</p> <p>3. Қазақстанда жаңа туристік</p>

		2) орташа;	<p>дестинацияларды анықтаудың бағалау әдістемесі жасалып, сол арқылы пилоттық дестинацияларды іріктеу жүргізілді.</p> <p>4. Жаңа туристік дестинациялар мысалында туризмнің экологиялық менеджментін енгізудің көпдеңгейлі моделі ұсынылды.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? – дәлелденді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? – жоқ.</p> <p>7.3 Жаңа ма? – иә.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: – кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? – иә.</p>
		3) <b>кең</b>	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) <b>ия;</b>	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Иә, әдіснаманы таңдау негізделген, әдіснама нақты жазылған.
		1) <b>ия;</b>	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә, диссертациялық зерттеудің нәтижелері заманауи ғылыми әдістерді қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында эмпирикалық деректер сауалнама мен сұхбат жүргізу арқылы жиналып, кейін олар статистикалық өңдеу және салыстырмалы талдау әдістері негізінде талданған. Қолданылған әдістердің кешені зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
		1) <b>ия;</b>	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Иә, диссертациялық жұмыста жасалған теориялық тұжырымдар мен ұсынылған модельдер эмпирикалық зерттеу нәтижелері арқылы негізделген. Зерттеу барысында алынған деректер сапалық және сандық талдау әдістері арқылы өңделіп, сауалнама нәтижелері, сараптамалық бағалау және статистикалық өңдеу тәсілдері қолданылған. Қолданылған әдістер диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелердің дәлелділігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста келтірілген негізгі тұжырымдар сенімді ғылыми дереккөздерге жасалған сілтемелер арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер қоры зерттеу тақырыбын жан-жақты талдауға жеткілікті деңгейде қамтылған. Пайдаланылған дереккөздердің жалпы саны – 128. Әдебиеттер тізіміне зерттеу тақырыбына сәйкес отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері енгізілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Иә, диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Зерттеу нәтижелері туризм саласындағы экологиялық менеджменттің ғылыми негіздерін кеңейтуге және осы бағыттағы теориялық тұжырымдарды
		1) <b>бар</b> ;	
		2) жоқ.	

		дамытуға мүмкіндік береді.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы жоғары және алынған ғылыми нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі бар. Зерттеу нәтижелерін жаңа туристік дестинацияларды жоспарлау мен дамытуда, табиғи туристік аумақтарды тиімді басқаруда және туризм саласындағы экологиялық менеджмент жүйесін жетілдіруде пайдалануға болады. Сонымен қатар оларды мемлекеттік және өңірлік деңгейде туризмді дамытуға қатысты басқарушылық шешімдер қабылдау барысында қолдану мүмкіндігі қарастырылған. Диссертацияда ұсынылған модельдер мен бағалау әдістері экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және туризм саласындағы басқару тиімділігін арттыруға ықпал етеді.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	
	1) толығымен жаңа;	
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		Зерттеу барысында әзірленген практикалық нәтижелер ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді. Диссертацияда ұсынылған экологиялық менеджменттің көпдеңгейлі модельдері, жаңа туристік дестинацияларды экологиялық тұрғыдан бағалау әдістемелері және жергілікті қауымдастықтардың қатысуына негізделген басқару механизмдері жұмыстың ғылыми

			жаңалығын айқын көрсетеді. Бұл нәтижелер туризм саласында экологиялық менеджментті тиімді ұйымдастыруға және жаңа дестинацияларды тұрақты дамытуға бағытталған ғылыми негіз ретінде қарастырылуы мүмкін.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазылу деңгейі жоғары. Зерттеу мәтіні ғылыми стиль талаптарына сәйкес сауатты жазылып, жұмыстың құрылымы логикалық әрі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Сонымен қатар сілтемелерді ресімдеу мен библиографиялық талаптар академиялық стандарттарға сай орындалған. Диссертация мазмұны жағынан толық қалыптасқан, дербес орындалған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Зерттеу тақырыбының ауқымдылығын ескере отырып, диссертациялық жұмыста қарастырылған кейбір мәселелерді болашақта қосымша эмпирикалық деректермен толықтыра отырып тереңдетіп зерттеуге мүмкіндік бар. Атап айтқанда, ұсынылған ғылыми модельдер мен әдістемелерді әртүрлі туристік дестинациялар мысалында кеңірек апробациялау зерттеу нәтижелерінің қолданбалы маңызын одан әрі арттыра түсер еді. Дегенмен бұл ескерту диссертациялық

			жұмыстың жалпы ғылыми деңгейі мен құндылығына әсер етпейді және болашақ ғылыми зерттеулерде ескерілуі мүмкін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектердің деңгейін жоғары деп бағалауға болады. Диссертациялық зерттеу нәтижелері Scopus деректер базасына енетін ғылыми журналдарда жарияланған мақалаларда және халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылған баяндамаларда көрініс тапқан. Аталған жарияланымдар диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұнымен тікелей байланысты. Ғылыми еңбектерде туризмнің экологиялық менеджменті, жаңа туристік дестинацияларды дамыту және басқару, сондай-ақ экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты қарастырылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Пазылхайыр Бауыржан Мейрамбекұлына «8D11101 – Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

**1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензент:

Қазақ спорт және туризм академиясы  
Туризм және сервис кафедрасының  
доцент м.а., PhD



Кадырбекова Динара Сериковна

